



ОЙЛАУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУ

Выготский ілімінің өзге ғылым салаларындағы (психолінгвистика мен арнайы психология, дефектология) теориялық маңызы



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Выготский ілімінің өзге ғылым салаларындағы (психолінгвистика мен арнайы психология, дефектология) теориялық маңызы

Қазіргі бастайтын дәрісіміздің тақырыбы Л.С.Выготскийдің «Ойлау және сөйлеу» атты монографиясында қозғалған негізгі тақырыптардың бірі ауызша сөйлеудің дамуына, тіл мен психологияның қатынасы, яғни психолінгвистика жайлы болмақ. Сонымен қатар Выготскийдің арнайы психологиядағы еңбегі жайлы да баяндайтын боламыз.

Психолінгвистиканың пәні – психологиялық ерекшеліктері қырынан алынған тіл болып табылады. Ол тілді басқа психикалық құбылыстар қатарында қарастырады. Сөйтіп психология мен лингвистика аралындағы пән ретінде анықталады. Онда сөйлеуші мен тыңдаушы сөйлеу әрекетіндегі психологиялық механизмдермен байланысты болады. Тіл білімін психологиямен ұштастыру 19 ғасырдан басталған. Бұған В.Гумбольдттың «тілді әрекет» ретінде қарастыратын ілімі ықпал етті. 19-ғасырдың 2-жартысында тіл білімінің психологиялық бағыты пайда болды, негізгі өкілдер – Г.Штейнталь, М.Лацарус және А.А.Потебня. А.А.Потебняның «Мысль и язык» еңбегінде психолінгвистиканың негізгі мәселелері қарастырылған. Оның идеяларын Л.С.Выготский «Ойлау мен сөйлеу» монографиясында дамытады. А.А.Леонтьев психолінгвистиканың дамуында еңбек сіңірсе, сондай-ақ, Ю.А.Сорокин, Е.Ф.Тарасов, А.М.Шахнарович, Е.С.Кубрякова, Т.В.Ахутина психолінгвистикаға үлкен үлестерін қосты.

Сонымен, алдыңғы дәрісімізде көтерілген тақырыпты әрі қарай дамыта келе, егер сөздер тарихына көшсек, онда ересек адамның сөйлеуі балаға қатысты айтқандай дамидынын байқауға болады. Баладағы мүлдем жаңа интеллектілі жаңалық болып табылмайтын белгілердің табиғи пайда болуы қалай жүретінін бақылау үшін сөйлеудің жалпы қалай құрылатынын анықтау қажет.

Сөйлеу мен сөздің мағынасы табиғи жолмен дамыған және сөздердің мағынасы психологиялық тұрғыдан қалай дамығанының тарихы белгілердің дамуы, балада табиғи түрде алғашқы белгі қалай пайда болады, шартты рефлекс негізінде мән-мағыналар механизмін меңгеру қалай жүреді, осы механизмнен шартты рефлектен асып түсетіндей жаңа құбылыстар қалай пайда болады деген мәселелерді белгілі деңгейде ашып көрсетуге көмектеседі.

Біз өз сөздеріміздің ойдан құрастырылмағанын білеміз. Алайда балалардың сұрағаны сияқты, біз де кез келген адамнан бір заттың осы сөзбен қалай аталғанын, мысалы, терезе — неге терезе, есік неге есік деп аталғанын сұрасақ, көпшілігіміз жауап бере алмаймыз. Тіпті терезе, есік деген дыбыстық кешенмен аталуы мүмкін деп жорамалдауға болады немесе керісінше. Бәрі тек шартқа байланысты. Дегенмен біз тілдің шартты түрде ойлап табылған сөздерден жасалмағанын, мысалы, терезені — терезе деу керек деп шарттаспағанын білеміз. Тіл табиғи түрде пайда болған, сондықтан психологиялық тұрғыдан тіл шартты рефлектің даму желісінен толығымен өткен.

Психолінгвистикалық бағыт бойынша адамның белгілі бір ұғымды қалай қабылдайтынын, сол ұғымды танытуда санадағы ақпараттарын қалай қолданатынын анықтауға болады. Адам сыртқы дүниені, сырттан қабылданған дүниені өзінің ассоциативтік қабылдау қабілеттері арқылы (сезім мүшелері арқылы) таныта алады және автоматты түрде жиі қайталанудан дағдылы түсінікке айналған стереотиптер арқылы таныта алады. Ал әрбір халықтың немесе ұлттың, әлеуметтік топтың не болмаса әрбір адамның өзіндік таныту ассоциациясы, стереотиптері болады. Психолінгвистикада сонымен қатар салғастырмалы әдіске сүйене отырып, әрбір ұлттың аффективті тіл бірліктерін, эмоционалды ұғымдарын, тіліндегі экспрессивтік ерекшеліктерін нақтылап көрсетуге болады. Әрбір ұлттың өзіне сөйлеу мәдениетіндегі, жалпы қарым-қатынасындағы адам психикасының деңгейін, адамның психикалық қабілеттерін, мінез-құлық ерекшеліктерін (ұстамдылық, күйгелектік, намысқойлық, қызуқандылық) т.б. айқын көрсетуге болады.

Осы ретте Л.С.Выготский келесідей қарапайым мысалды айтады. Психолінгвисттер қазіргі тілдегі сөздерді екі топқа бөлуге болады, олардың біреуі көркемдік жағынан ерекшеленеді деп пайымдайды. Л.А.Потебня келтірген сөздерді (этеш — петух, қарға — иорон, көгершін — голубь) қарастырайық, Көгершінің неге көгершін, ал қарғаның неге қарға атануы бізге мәлім сияқты көрінеді. Алайда керісінше болуы мүмкін бе? (Әрі қарай біз Л.С.Выготскийдің мысалындағы сөздерді орысша қалпында береміз, себебі аудармада мағынасы өзгеріп кетеді. — Ауд.). Егер де біз «голубой» немесе «вороной», «приголубить», «проворонить» немесе «петушиться» сөздерін алсақ, бұл сөздердің психологиялық тұрғыдан қалай ерекшеленетінін және осы сөздердің әрқайсысында өте маңызды белгілердің бар екенін көреміз. Бізге әлі де болса «ворон» мен «голубь» сөздері осы құстарға тән екені түсініксіз болса, ал «вороной» және «голубой» сөздерінде ол біз үшін өте анық, өйткені «вороной» — қара түс, ал «голубой» — көкшіл дегеніміз. Бұл жерде біз көкшілді — «вороной», ал қара түстіні — «голубой» дей алмаймыз.



«Сия» («чернила») сөзін алып қарасақ. Біз бұл сөздің тілімізде «черный» (қара) сөзінен шыққанын білеміз. Бірақ бұл сияның бәрі әрдайым қара болуы керек дегенді білдіре ме? Сия қызыл не жасыл бола береді. Көріп отырғанымыздай, түстің немесе бейненің белгілері бойынша атау заттың кейбір қасиетіне қайшы келеді. Осы кезде кейбір ескі қасиеттері шет қалып, сөздің ескі тар мағынасы мен әр түрлі жаңа сөздер арасында, тар мен мағынасыздың немесе жеке мағына мен жалпы маңызды мағына арасында келіспеушілік туындайды. «Чернила» (сия) атауы алғашында қалай пайда болған? Алдымен көзге түсетіні, алғашқы белгісі — бұл, әлбетте, қара нәрсе болғаны. Бұл жерде шартты рефлекс типінде сөз мағынасы қара түстен сияға ауысып отыр. Алайда сиядағы маңызды қасиет — ол сұйық, Ал сұйыққа қара түс болуы маңызды ма? Әрине, жоқ, Демек «қара» белгісі мәнсіз. Ең соңында «сия» сөзі белгілі бір реакциямен байланысты: бұл жазуға тұрарлық нәрсе, демек, сияның қара болуы жазу үшін аса маңызды, мәнді емес. Тілдің даму тарихы істің осылай жүретінін көрсетіп отыр.

Сол сияқты Еуропа мәдениетінде қара түсті киім кию, қара орамал тарту – жағымсыз, өлімді білдіретін түс деп танылады. Ал Жапон, Индия мәдениетінде өлімді білдіретін қаралы түс – ақ түс. Қытайда ақ түс – өлім мен тазалықтың символы.

Қазақ халқының салты бойынша шаңыраққа қара ту тігу – өлік шыққан үйді білдіру. Мұндағы ақ/қара түстері ассоциативтік мағынаға ие болған мәдениаралық бірлік ретінде қызмет атқарып тұр. М.Әуезовтың «Абай жолы» романындағы: «Қара дегені– ұзын найзаның басына тігілген ту. Егер Бөжей жай қара қазақ емес, төреден шыққан болса, сол төрелердің өзді өз тұқымының туларын тігер еді. Ақ тулы, көк тулы, ала тулы деген төрелердің тұқымы, жік жігі осындайда көрінетін. Ал, қарадан кісі өлсе, тудың түсі өліктің жасына қарай болады. Сүйіндік жас кісі өлсе, туы қызыл болатынын, кәрі өлсе, ақ болатынын айтып келді де, «Бөжейдей орта жасты кісінің қаралы туы бір жағы ақ, бір жағы қызыл болуы керек» дегенді айтқан. Жаңағы Байдалы әкеп тіккен ту қара дегені осы еді» деген мысалды келтіруге болады.

Ассоциация латынның «associatio – біріктіру» деген сөзін білдіреді. Ассоциация – екі түрлі танымның өзара байланысы (сезіну, түсіну, ойлау, елестету қабілеттері арқылы жүзеге асады). Бұл ұғым Платон мен Аристотель заманында пайда болғанмен, ассоциация деген ғылыми атауды ХУІІ ғасырда Дж. Локк енгізген болатын.

Ассоциация – жеке субъективті тәжірибеге негізделген белгілі объекті немесе құбылыс арасындағы байланыс. Бұл тәжірибеден субъектінің нәр алған мәдениеті мен өмірлік тәжірибесі байқалады. Осы ассоциация ұғымымен тығыз байланысты ассоциациялық өріс ұғымы да бар. Ассоциациялық өріс – тілдік бірліктердің жиынтығы, мазмұн ортақтығына қарай біріккен белгілеуші құбылыстардың ұғымдық, заттық және функционалдық ұқсастығы. Ол ассоциатив сөздердің, өзекті сөздердің төңірегінде бірігуі ретінде түсініледі. Ассоциатив сөздердің түрлі ақпарат берушіде жиналуы ассоциациялық өрістің орталық өзегін көрсетеді.

Қазіргі тілде біз сөздердің екі тобын көріп отырмыз: бір топтағы сөздерде бейне бар, екіншісінде — жоқ, “қырыққабат» мен «бәйшешек» сөздерін салыстыра отырып, Потебня: “бұл сөздер екі түрлі топқа жатады» деп атап көрсетеді, себебі «бәйшешек» сөзімен белгілі бір бейне (қар ерігенде ашылатын қар астындағы гүл) байланысады, ал “қырыққабат” атауы еркін болып көрінеді. Бірақ бұл фенотиптік тұрғыдан, ал генетикалық зерттеулер барлық сөздердің бейнесі бар, бірақ бейнелер жиі көленкеленген, алайда әрбір сөздің шығу тегін табуға болатынын көрсетеді. «Қырыққабат» орыс тіліндегі «капуста» сөзі ол латынның “caput» — бас деген сөзімен байланысады. Капустаның сыртқы пішіні баспен ұқсас, тек біз осылай байланыстыру бөлімін ұмытып кеттік немесе білмейміз. Психологтар үшін байланыстыру бөлімі өте маңызды, онсыз біз осы сөздегі дыбыстар кешенінің осы өсімдікті атайтынын түсінбес едік. Расында да, әрбір сөздің тарихы, оның пайда болуында белгілі бейнемен байланысты болғанын көрсетеді. Кейін психологиялық даму заңдары бойынша, ол сөздерден басқа сөздер туындап отырады. Демек, сөздер ойдан шығарылмайды, яғни сыртқы шарттар (жағдай) немесе еркін бағдарлау нәтижесі емес.

Кейде жаңа сөздер ескі мағынаны жаңа затқа ауыстыру нәтижесінде пайда болады.

Кейбір қарапайым сөздердің тарихын зерттеп көрейік. Орыс сөзінің шығу төркіні «врач — емші» сөзі славянның «врати, ворчат» сөздерімен ұқсас екенін біз білеміз, ал «врач» сөзінің алғашқы мағынасы — «врущий, жалған айтушы», «заговаривающий болезнь — үшкіруші» дегенді білдіреді. Біз осы жерде дыбыс пен мағынаның арасын байланыстыратын бейнелі бөлімнің бар екенін көріп отырмыз дейді автор.

“Сутки — тәулік» сөзін алайық. Ол нені білдіреді? Кейбір диалектологтардың түсіндірулері бойынша, алғашында ол бөлменің алдыңғы бұрышы мағынасын берген десек, онда арнайы талдаусыз, бұл сөздің



біздің түсінігімізде, «сутки— тәулік» мағынасын қалай білдіретінін түсіну өте қиын. «Сутки» — бұл күн мен түн; бірқатар сөздердің салыстырмалы талдауы оның (стукнуть) «қағу» сөзінен құрылғанын көрсетеді. Демек, егер “су” — (немесе — «со») қосымшасын және «ткнуть» жалғауын алсақ, “соткнуть» (сотыкать) деген сөз шығады. Кейбір губернияларда «сутки» сөзі «сумерки — ымырт» мағынасын, яғни күн мен түн кездесетін уақытты берген. Кейін күн мен түн бірігіп, «сутки — тәулік» деп аталып кеткен.

Кейбір сөздердің түбірін табу өте оңай болады, бірақ сөздің шығу тегін анықтау — қиын. Мысалы, «окунь» атауының «око» сөзінен шыққанын кім біледі, яғни «үлкен көзді балық».

Басқа сөздердің тарихы бұдан да күрделі. Мысалы, «разлука» (айырылысу) «лукавый» (қулану) сөздерінің адырна (тетива) бейнесімен байланысты деп кім ойлаған. Адырнаны созған кезде жебедегі адырна үзіліп кетеді, мұны “разлука» (ажырау, жебенің ажырауы) дейді. Жебе — тегі қисық, онда желі екі түрлі болады: «прямая — түзу» және «лукавая — қуланған».

Бұл мысалдарды өз еңбегінде келтіру арқылы Выготский әрбір сөздің өз тарихы бар, оның негізінде алғашқы елес немесе бейне жатыр, оны байланыстырушы бөлім сөздің құрылуына әкеледі деген қорытындыға келеді. Демек, осы құрылудың тарихын ашу үшін арнайы талдау жүргізу керек.

Выготский өз еңбегінде былай дейді: «Орыс сөйлеуінде әрдайым кері тәртіптегі үрдіс жүреді. Бұл үрдісті А.А.Потебня түсіндіреді.

Мәселен, халық аузында кейбір әдеби сөздер өңі айналдырылып айтылады: “полисадник» сөзі (кішкентай бақша) «полусадик» (бақшаның жартысы) дейді. Сөздің өңін бұлай өзгертіп айтуда белгілі бір бейне беріледі. «Тротуар» (жаяу жүргінші жүретін көше) сөзінің орнына «плитуар» (плитка төселген жол) дейді. Өңін айналдыру, сөзге — құрамындағы дыбыс пен белгіні байланыстыратын бейнені тіркеп жазуға жол береді. А.А.Шахматов жаңа өңін ауыстыруларды келтіреді: демисезондық (демисезонның (маусымдық) орнына) пальто. «Демисезонное» сөзі айтуда жеңіл болғандықтан «демисезондыққа» айналып отырған жоқ, керісінше осылай аталса, сөз түсініктірек болады: барлық маусымға арналған пальто. Осындай түсіндірмені алғашқы революциялық сөздердің біріне беруге болады: халық арасында “режимнің» (тәртіп) орнына “прижим» дейді. «прижим» сөзі белгілі бір бейнемен байланысты. Сол сияқты В.И.Даль жариялаған «спинжак» сөзі осы киімді жауырыңға киюге байланысты пайда болған. «Спинжак» түріне ене отырып, сөз саналы ұғымға ие болады.

Өкінішке орай, бала сөйлеуіндегі осындай өңі айналған мысалдарды біз шектеулі мөлшерде келтіре аламыз. Мәселен, балалардың “мокресс» («компресс» орнына), «мазелин» («вазелин» орнына), тамақ сөзінің орнына «мақат» сөздері белгілі. Мұндай өңін ауыстыруларда дыбыс құрамы мен сөздер мәнін байланыстыратын бөлім пайда болады.

А.А.Потебня логикалық мағынасы бар қарапайым сөз тіркесін талдап, олардың сөздің дәл түсінігінде қандай мағына беретінін анықтаған. Әрбір осындай фразада қазіргі кезде жете түсінілмейтін бөлімдер бар екені анық талған. Мысалы, кейбір сөздерді ауыспалы мағынада қолдана отырып, біз бір белгілі бейнеге сүйенеміз. Егер “біз “фактілер» негізінде тұрмыз» десек, бұл тура мағынада «сенімді тұру» немесе «сенімді болу» дегенді білдіреді, себебі анықтау негізінде бізде белгілі фактілер түріндегі дұрыс жақтар бар. Фраза сөздердің мағынасыз үйлесімінен құралған сияқты, бірақ біздің тікелей сөйлеуімізде бейнелі мағынасы бар. Біз сөздерді ауыспалы мағынада қолданамыз.

Осылайша, біздің әрбір фразамыз және әрбір сөйлеміміздің ауыспалы мағынасы болады. Егер біз қазір бала сөйлеуінің дамуына оралсақ, онда Выготский мынаны байқайғанын айтады: біздің сөйлеуіміздің дамуында сөздер өз еркімен пайда болмаған, керісінше, қандай да бір бейнеге немесе қимыл-әрекетке байланысты табиғи белгілер түрінде пайда болатыны сияқты, баланың сөйлеуіндегі белгілер де оның өзі ойлап табуынан пайда болмайды; бала белгілерді айналасындағылардан алады, тек содан кейін оны түсінеді немесе осы белгілердің функциясын ұғынады.

Сонымен, қандай да бір ықпал, психологиялық белгі болуы үшін оның белгілі психологиялық қасиеттері болуы керек. Жалпы түрде Выготский келесіні айтады: бала бір құрылымды онымен байланысты бүкіл элементтерімен қамтығанда ғана балада қайсыбір стимул табиғи белгі, табиғи символға айналады. Выготский «Бала сөйлеуінің дамуында белгі мен мағына арасындағы байланыстырушы болатын, мағынаның таратылу процесінде шартты рефлекс немесе рефлекті бір реттен екіншіге көшіретін деп түсінуге мүмкіндік беретін байланыс қайда? Әрине, балада ол жоқ» дейді.

Бала сөздерді меңгергенде, оны сырттай меңгереді. Тек мынаны анықтап алу керек: неліктен біз кейбір мағыналарды ұмыттық және «тәулік» сөзі «ымырт» мағынасын бергенін, ал сәл ертерек “екі қабырғаның түйісуі» мағынасын бергенін еске алуымыз керек. Шығу тегі қазір түсініксіз болып көрінетін басқа сөздер



де осылай пайда болады. Шартты рефлекс заңы негізінде аралық бөлімдердің алып тасталуы жүреді. Таңдау реакциясы туралы айтқанымызды еске түсірейік. Бұл реакция балада өткен кезде аралық бөлімдер бірте-бірте түсіп қала береді де, ақырындап бірігеді. Біздің сөйлеуіміз сансыз мөлшердегі бірігулер болады, осы жағдайда қазіргі сөздердің мағынасына қажетсіз болғандықтан, аралық бөлімдері түсіп қалған.

Л. С. Выготский арнайы психологияның негізін салған ғалым. Арнайы психология негізінде, Л. С. Выготскийдің енгізген бірқатар тұжырымдары бар.

Ғалымның пікірінше, сау бала мен кемтар бала бірдей заңдылықтармен дамиды. Демек қалыпты және дамуы ауытқыған балалардың дамуындағы факторлар бірдей. Бірақ жалпы заңдылықтармен бірге, ол кемтар баланың өзіндік даму ерекшеліктерін де атап көрсетті. Аномальды психиканың басты ерекшелігі ретінде, биологиялық және мәдени үдерістер дамуының бір-бірінен алшақ болатынын көрсетті (дивергенция).

Ақыл-ойы кем бала, өзінің дамуында сау баланың жүріп өтетін даму кезеңдерін бастан кешіреді, тек бірқатар кешігумен және өзіне тән спецификалық ерекшеліктермен өтеді.

Алғашқы кемістік пен туынды кемістік құрылымдарындағы зақымданулардың байланысы туралы ереже. Алғашқы кемістік биологиялық факторлармен байланысты болса, ал екінші кемістік - әлеуметтік факторлармен байланысты.

Нәтижесінде Выготский Л. С., білім алу қажеттілігі ерекше балаларда екінші, үшінші кемістіктің алдын-алу мақсатында, ерте коррекциялық көмек беру қажеттілігі туралы тұжырым жасады. Сондай-ақ, туынды кемістіктер, оның ішінде эмоционалды – ерікті саласының зақымдануы сияқты бұзылулар, биологиялық ақауларға қарағанда, коррекциялық әсерлердің көмегімен жеңілдетілетіндігі туралы тұжырым жасады.

Жақын және өзекті даму аймағы туралы ереже. «Жақын даму аймағы» мәнінде, Л. С. Выготский «жетілу үдерісіндегі қызметтерді, яғни, әзірше піскен жеміс деп атауға келмейтін, тек бүршік немесе гүлі деп атауға болатын», енді жетіліп келе жатқан қызметтерді айтады. Осылайша, «жақын даму аймағы» ұғымын қарастыруда, Л. С. Выготский тағы бір маңызды тезис ұсынды. Онда ақыл-ойы кем баланың ой-өрісінің дамуын анықтауда, оның нені меңгергендігін, баланың «динамикалық даму кейін», «әзірге даму кейінде тұрған үдерістерін» есепке алу қажеттілігі айтылады.

Л. С. Выготскийдің пікірінше, «жақын даму аймағы», баланың жасына сәйкес емес, күрделі мәселелерді ересектердің көмегімен шешу үдерісінде айқындалады. Сөйтіп, ақыл-ойы кем баланың мүмкіндігін бағалау, екі көрсеткіш негізінде жүреді: ересектер тарапынан берілген көмекті қабылдай білу және аналогиялық тапсырмаларды өз бетімен орындай білу дағдысы.

Ол өзінің күнделікті жұмысында, қалыпты дамудағы балаларды зерттеумен ғана емес, дамуында ауытқуы бар балаларды зерттеумен айналыса отырып, жақын даму аймағы туралы пікірдің, әсіресе кемтар балалар категорияларына қатысты екендігіне көзі жетті.

Оқыту мен дамудың сәйкестігі туралы ереже. Л. С. Выготский оқытудың дамудан ілгері жүруі, баланың дамуын өзімен бірге ілгері жылжытады деген қорытындыға келді.

Ақыл-ойы артта қалған балаларға келесі мінездемелер беріледі.

- сөйлеу тілінің жүйелеігінің дамуы және олардың компоненттерінің байланыстылығының жоқтығы
- сөйлеу процесіндегі интериоризацияның бұзылыстары
- информацияны жеткізудегі жылдамдық көлемдіктің және сапасының жоқтығы
- жоспарлау және когнитивтік функцияларының сөйлеу тілінің айтарлықтай төмендігі
- сөйлеу тіліндегі бұзылыстары оның әртүрлі функциялардың бұзылыс деңгейіне байланысты.

Осы дәрісімізді қорытындылау келе, баланың сөйлеу тілінің ең тиімдісі ауызша сөйлеу тілі болып табылады. Бәрімізге белгілі болғандай дұрыс жетілген балаға ауызша сөйлеу тілін меңгеру оңай, өйткені ол арнайы оқытусыз өзі тікелей қарым-қатынасқа түсе алады. Дұрыс жетілген баланың сөйлеу тілін қою үшін көптеген кеңес және шет елдік ғалымдар айналысқан (Л.С. Выготский, А.Н.Гвоздев, Н.А.Швачкин, Д.Б. Эльконин, А.Н. Соколов,Ж.Пиаже). Интеллектісі бұзылған балалардың ауызша сөйлеу тілін қалыптастыру баяу және сөйлеу тілін өзінше фонетикалық қатары меңгеру арқылы жүзеге асады, сөздік құрамын меңгеру мен сөйлемді құру кезіндегі диалогтық және монологтық сөйлеу тілі арқылы қалыптасты.



Кітап: Ойлау және сөйлеу

Дәріс: Выготский ілімінің өзге ғылым салаларындағы (психолінгвистика мен арнайы психология, дефектология) теориялық маңызы

Тақырып бойынша қосымша әдебиет:

1. Возрастная психолінгвистика. - М.: Лабиринт, 2004.
2. Глухов, В. П. Основы психолінгвистики / В.П. Глухов. - М.: АСТ, Астрель, 2008.
3. Горелов, И. Н. Избранные труды по психолінгвистике / И.Н. Горелов. - М.: Лабиринт, 2003.